

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 8 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі алғашқы екі мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын қызметінен босату туралы және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын сайлау туралы.

Конституцияға сәйкес Мемлекет басшысының ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын сайлау, қызметінен босату және оның антын қабылдау Сенаттың қарауына жатады.

Осы мәселелер бойынша Президенттің тиісті ұсынулары Палатаға келіп түсті. Осы екі мәселені бірге қарау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Президенттің ұсынуларын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Нұртілеу Мұрат Әбуғалиұлына беріледі.

НҰРТІЛЕУ М.Ә. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Сенат депутаттары! Бүгін сіздердің алдарыңызға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың арнайы тапсырмасымен келіп отырмын. Жаңа ғана аталып өткендей, Конституцияға сәйкес Сенаттың құзыреті бойынша сіздер Жоғарғы Соттың Төрағасын сайлау және қызметтен босату мәселесін қарайсыздар. Осы

құқықтарыңызды пайдаланып бес жыл бұрын Жақып Қажыманұлы Асановты да Жоғарғы Соттың Төрағасы қызметіне тағайындауға келісімдеріңізді берген едіңіздер.

Жақып Қажыманұлының осы желтоқсан айында өкілеттілігі аяқталуына байланысты және басқа жұмысқа ауысуына байланысты Жоғарғы Соттың Төрағасы қызметінен босату туралы ұсынымды өздеріңіздің алдарыңызға әкеліп отырмыз.

Айта кетер мәселе, Жақып Қажыманұлы сот жүйесін абыроймен бес жыл бойы басқарды, еліміздің дамуына, құқықтық жүйенің дамуына, қоғамымыздың дамуына, заң үстемдігін қамтамасыз етуге үлкен үлес қосты. Оған өздеріңіз куәсіздер. Көптеген істердің басы-қасында өздеріңіз де болдыңыздар. Әділетті Қазақстан деген ұранымызға сәйкес көптеген реформалар қолға алынды. Жақып Қажыманұлы келелі істерді, абыройлы істерді дұрыс атқарды деп санаймыз.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өздеріңізге келесі ұсынысты енгізіп отыр.

Құрметті Сенат депутаттары! Жоғарғы Соттың Төрағасы қызметіне сайлауға Асламбек Амангелдіұлы Мерғалиев ұсынылады.

Асламбек Амангелдіұлы 1972 жылы Павлодар облысында дүниеге келген, Стамбул мемлекеттік университетінде заңгер мамандығы бойынша білім алды. Жиырма жылдан астам осы сот жүйесінде бір кісідей белсенді қызмет етіп келе жатыр. Тәжірибесі мол, білікті маман.

Әр жылдары Павлодар қаласы сотының судьясы, Екібастұз және Павлодар қалалары соттарының төрағасы болды. Солтүстік Қазақстан облыстық сотының апелляциялық сот алқасының, Қостанай облыстық сотының төрағасы лауазымдарында қызмет еткен. 2020 жылғы желтоқсан айынан бастап Ақтөбе облыстық сотының төрағасы лауазымын атқарып келеді.

Құрметті депутаттар! Мемлекет басшысының ұсынымына қолдау көрсетулеріңізді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мұрат Әбуғалиұлы.

Бұл мәселелер Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде алдын ала талқыланды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын қызметінен босату туралы бас комитеттің қорытындысын баяндау үшін сөз комитеттің төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті Мұрат Әбуғалиұлы, құрметті әріптестер! На основании представления Президента Республики Казахстан, основанного на рекомендации Высшего Судебного Совета, и в соответствии с подпунктом 1) статьи 55 Конституции Республики

Казахстан, подпунктом 8) пункта 1 и подпункта 1) пункта 3 статьи 34 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам рекомендует Сенату Парламента Республики Казахстан освободить от должности Председателя Верховного Суда Республики Казахстан Асанова Жакипа Кажмановича в связи с переходом на другую работу.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.  
Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдайық.  
Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Шешімдерді ашық дауыс беру арқылы қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Асанов Жақып Қажыманұлы басқа жұмысқа ауысуына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы қызметінен босатылсын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Жақып Қажыманұлы Жоғарғы Соттың Төрағасы ретінде еліміздің сот жүйесін дамыту жолында еселі еңбек етті. Сол үшін әріптесімізге Сенат атынан алғысымызды білдіреміз.

Енді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын сайлау туралы бас комитеттің қорытындысын баяндау үшін сөз комитеттің төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті Мұрат Әбуғалиұлы, құрметті әріптестер! На основании представления Президента Республики Казахстан, основанного на рекомендации Высшего Судебного Совета, руководствуясь пунктом 3 статьи 22 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов», Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам рекомендует Сенату Парламента Республики Казахстан в соответствии с подпунктом 1) статьи 55, пунктом 1 статьи 82 Конституции Республики

Казахстан и пунктом 4 статьи 31 Конституционного закона Республики Казахстан «О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан» избрать Мерғалиева Асламбека Амангельдиновича на должность Председателя Верховного Суда Республики Казахстан.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.  
Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы қызметіне сайлау туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Құрметті әріптестер, конституциялық нормаларға сәйкес жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Сенат отырысында ант береді. Ант беру үшін мінбеге жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлы шақырылады.

МЕРҒАЛИЕВ А.А. Мен, Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлы, өз міндеттерімді адал және абыройлы атқаруға, сот төрелігін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына бағына отырып жүзеге асыруға, судья ретіндегі борышым міндеттегендей бейтарап және әділ болуға салтанатты түрде ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет, Асламбек Амангелдіұлы. Қызметіңіз құтты болсын! Өзіңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарасыз деп сенеміз. Жауапты қызметіңізге табыс пен сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нариман Төреғалиевтың өкілеттігін тоқтату туралы.

Өздеріңізге белгілі, әріптесіміз Нариман Төреғалиұлы Төреғалиев Президенттің Жарлығымен Батыс Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды және жаңа қызметін бастап та кетті. Соған байланысты Орталық сайлау комиссиясы Сенатқа тиісті ұсыным енгізді. Сол ұсынымды жариялау үшін сөз Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Смағұлов Асылбек Айжарықұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ А.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы №33

Жарлығымен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нариман Төреғалиев Батыс Қазақстан облысы әкімінің лауазымына тағайындалды.

Осыған орай сіздердің назарларыңызға Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабына, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабы 3 және 8-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Нариман Төреғалиевтың депутаттық өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені шешу үшін ұсыным енгізіліп отыр.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Асылбек Айжарықұлы. Орныңызға отырыңыз.

Конституциялық нормаларға сәйкес бұл мәселе бойынша Сенат тиісті қаулы қабылдау керек.

Ендеше басқа жұмысқа ауысуына байланысты Сенат депутаты Төреғалиев Нариман Төреғалиұлының өкілеттігін тоқтату жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, Нариман Төреғалиұлы 2017 жылы Батыс Қазақстан облысынан Сенат депутаты болып сайланды. Содан бері Палатаның заң шығару қызметіне белсенді қатысып, ауқымды жұмыс атқарды. Комитет төрағасы ретінде халықты алаңдатқан маңызды мәселелерді оң шешуге үлкен үлес қосты.

Осыған байланысты Палата Бюросы депутат ретіндегі жұмысын жоғары бағалай отырып, Нариман Төреғалиұлын Сенаттың Құрмет грамотасымен марапаттады. Енді соны тапсыруға рұқсат етіңіздер.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біріншіден, Мемлекет басшысының өзіміңіздің туған жеріме, туған еліме облыс әкімі ретінде тағайындап жатқанына үлкен алғыс айтамын.

Екіншіден, Мәулен Сағатханұлы, өзіңіз айтқандай, өздеріңізбен бірге бес жыл екі ай қызмет атқарған екенмін. Осы жылдарда жылына орташа есеппен 100-ге жуық заң қабылдап, еліміздің, соның ішінде халқымыздың әл-ауқатын арттыруға және өмір сапасын жақсартуға бағытталған сапалы заңдарды сіздермен бірге әзірледік. Соның ішінде өздеріңізден көп тәжірибе алдым.

Мәулен Сағатханұлы, маған сенім білдіргеніңіз үшін сізге тағы да алғысымды айтамын. Енді алдымызда үлкен жұмыстар күтіп тұр. Күні кеше Мемлекет басшысы өзінің Жолдауында: «Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық, жаңа әділетті Қазақстанды құру жолында аса маңызды қадамдар жасадық. Еліміздегі саяси реформаны ары қарай жалғастыра отырып, енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс» – деген болатын. Сол жолдағы Мемлекет басшысының үлкен тапсырмалары мен міндеттерін сіздермен бірге ары қарай қоян-қолтық жұмыс істеп, атқарамыз деп сендіремін. Рақмет.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нариман Төреғалиұлы. Халық пен Мемлекет басшысының сенімін ақтап, Батыс Қазақстан облысын дамыту жолында еселі еңбек етесіз деп сенеміз. Жаңа қызметіңізге табыс пен сәттілік тілейміз. Рақмет. Сау болыңыз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі үшінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасын сайлау туралы.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес комитет төрағасы депутаттардың арасынан депутаттардың ұсынысы бойынша сайланады.

Құрметті әріптестер, қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы лауазымына әріптесіміз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлының кандидатурасын ұсынамын.

Нұртөре Жүсіп еңбек жолын Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде журналист болып бастаған. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Республикалық «Жас Алаш», «Ақ жол Қазақстан», «Астана хабары», «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттерінің бас редакторы қызметтерін атқарған.

Қазақ журналистикасының қайраткері.

2019 жылдың тамызынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі.

Біз Нұртөре Байтілесұлын талантты қаламгер, терең білім мен біліктің иесі, іскер ұйымдастырушы, талапты жетекші, елдің әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан қоғам белсендісі ретінде жақсы білеміз.

Сіздерден Жүсіп Нұртөре Байтілесұлының кандидатурасын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ұсынылған кандидатураны талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Алдымен дауыс беру тәртібін анықтап алайық. Бұл мәселе бойынша ашық дауыс беру ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Құрметті әріптестер, Жүсіп Нұртөре Байтілесұлын Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы етіп сайлау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Нұртөре Байтілесұлы, комитет төрағасы болып сайлануыңызбен құттықтаймыз. Алдағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Екі заң жобасы бір-бірімен байланысты. Бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса екі заң жобасын бірге қараймыз.

Құрметті әріптестер, «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Заң жобасы мен ілеспе заң жобасы бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлына беріледі.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Заң жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын ұсынамын.

Заң жобаларының негізгі мақсаттары:

қосарлы және әскери мақсаттағы тауарлардың экспортын, импортын, кері экспортын, транзитін бақылау жүйесін жетілдіру;

ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

жаппай қырып-жою қаруын таратпау және қару-жарақтың заңсыз саудасына жол бермеу;

Қазақстан Республикасының заңнамасын халықаралық шарттардың талаптарына сәйкестендіру.

Бірінші. Қолданыстағы лицензиялау жүйесі қосарлы және әскери мақсаттағы тауарлардың экспортын жүзеге асыру мүмкіндігін қарастыру кезінде тәуекелдерді тиімді бағалауды толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.

Тиімділікті арттыру үшін мемлекеттік органдармен келісудің қолданыстағы тәртібін ақпараттық өзара іс-қимылға ауыстыру қажет. Бұл ретте мемлекеттік органдардан алынған ақпаратты талдау тәуекелдерді бағалау өлшемшарттары призмасы арқылы жүргізілетін болады.

Жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша уәкілетті органның ұлттық қауіпсіздік себептері бойынша рұқсат беруіне бас тарту мүмкіндігі болады.

Бұдан басқа заң жобасында мемлекеттік органдардан келіп түсетін ақпарат бойынша рұқсаттардың қолданылуын тоқтата тұру және тоқтату мүмкіндігі көзделеді.

Екінші. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың мемлекеттік шекара арқылы өтуін физикалық бақылауды мемлекеттік кірістер органдары жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта Еуразиялық экономикалық одақтың мүше елдерімен шекарада тек қосарлы және әскери мақсаттағы тауарларды құжаттамалық бақылау жүзеге асырылады. Осыған байланысты заң жобасында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен мемлекеттік шекара арқылы өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың заңсыз өткізілуін анықтау үшін мемлекеттік кіріс органдарына жүктерді қарау және тексеріп қарау құзыретін беру көзделіп отыр.

Ілеспе заң жобасымен Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдермен өткізу пункттерінде орналастыру жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының құқығы белгіленеді.

Үшінші. 2018 жылы Қазақстан «Қару-жарақ саудасы туралы шартты» ратификациялады, оған сәйкес делдалдық қызметтер көрсету саласын реттеу жөнінде шаралар қабылдау талап етіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасын халықаралық шарттың талаптарына сәйкес келтіру үшін заң жобасында Қазақстан Республикасы резиденттерінің аумақтан тыс делдалдық қызметтер мен техникалық көмекті жүзеге асыруының рұқсат беру тәртібін енгізу көзделеді.

Төртінші. Қосарлы мақсаттағы тауарларды отандық өндірушілерге қолдау көрсету үшін «жалпы лицензия» енгізілуде, ол өнімді бір уақытта бір лицензия бойынша бірнеше елдерге және бірнеше контрагенттерге экспорттауға мүмкіндік береді.

Бұл жаңашылдық сыртқы нарықтарда қосарлы мақсаттағы өнімді сатуды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Бесінші. Бірқатар түзетулер ұлттық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған.

Сонымен импортталған өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау тәртібін анықтау ұсынылады. Бұл бақылау түпкі пайдаланушылар мен импорттаушылардан келіп түскен есептерді мемлекеттік органдардан алынған ақпаратпен салыстыру арқылы жүргізілетін болады. Бұзушылықтар анықталған немесе басқа түпкі пайдаланушыға заңсыз берілген жағдайда бақылау субъектісі жауапқа тартылатын болады. Бұл ретте



кәсіпкерлер үшін реттеушілік режимді жұмсарту бойынша жүргізіліп жатқан саясатты ескере отырып, импортталған тауарларды бақылау Кәсіпкерлік кодекстен шығарылады.

Алтыншы. Ілеспе заң жобасы Қазақстан Республикасының 6 кодексіне және 11 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейді. Олар негізгі заңда көрсетілген бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған. Мысалы:

өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласында жаңа рұқсат құжаттарын енгізу;

жаппай қырып-жою қаруын жасау кезінде қолданылатын технологияларды, ғылыми-техникалық ақпаратты және қызметтерді заңсыз импорттау;

жаппай қырып-жоятын қаруды жеткізу құралдарын, сондай-ақ оларды жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтарды контрабандалық жолмен өткізу үшін қылмыстық жауапкершілікті кеңейту көзделеді.

Заң жобаларын қабылдаудан күтілетін әсерлер:

ұлттық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

жаппай қырып жоятын қару мен қару-жарақты таратпау бөлігінде халықаралық міндеттемелерді мүлтіксіз сақтайтын мемлекеттің имиджін көтеру;

жаппай қырып-жою қаруын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін қару-жарақ пен тауарлардың айналымын бақылау шараларын күшейту;

қос мақсаттағы тауарларды (өнеркәсіптік мақсаттағы улы заттар мен жарылғыш заттар) отандық өндірушілерді қолдау үшін жағдайлар жасау;

экспорттық бақылаудың халықаралық режимдеріне кіру бойынша Қазақстан Республикасының кандидатурасын ілгерілету.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға, сондай-ақ мемлекеттік бюджет қаражатынан қосымша қаржылық шығындарға әкеп соқпайды.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Министрге екі сұрағым бар.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Қазақстан 2002 жылы Ядролық жеткізушілер тобына мүше болды. Бұл халықаралық ұйымның ядролық материалдар экспортын жүзеге асыратын және атом саласын дамытатын 48 мемлекетті біріктіретіні белгілі. Ядролық жеткізушілер тобының әрбір қатысушысы аталған ұйымның бас қағидаттарын сақтай отырып ұлттық заңнамаға сәйкес етеді. Ал заң жобасының 5-бабы бойынша өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау тізімі халықаралық режимдердің экспорттық бақылау тізімдерін ескере отырып әзірленеді.

Сіз баяндамаңызда заң жобасын қабылдау нәтижесінің бірі еліміздің кандидатурасын экспорттық бақылаудың басқа халықаралық режимдеріне кіру мәселесінде ілгерілету екенін айттыңыз. Осыдан келесі сұрақтар туындайды.

Бірінші. Қазақстан Ядролық жеткізушілер тобы экспорттық бақылаудан басқа халықаралық режимдердің мүшесі болмастан олардың құжаттарын қалай басшылыққа алады және ерекше тауарлардың бақылау тізімдерін қандай негізде жұмысқа қабылдайды?

Екінші. Заң жобасының 12-бабы мемлекеттік органдарға немесе шет мемлекеттің ұйымдарына тиесілі әскери мақсаттағы тауарларды импорттау мәселелерін реттейді. Бұл ретте аталған тауарларды елден әкету мерзімдері айқындалмаған. Біздің ойымызша, бұндай әскери мақсаттағы тауарларды бақылау шараларын қолданбау республика аумағында ұзақ мерзімде сақтау немесе үшінші тұлғаларға заңсыз беру қаупін туындатады. Бұл тәсіл сонымен қатар, жаңа өзіңіз айтып кеткендей, қос мақсаттағы тауарлармен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлардың импортына да қатысты қолданылады.

Құрметті министр, бұл мәселеге қандай түсініктеме бересіз? Тауарларды әкетудің белгілі бір мерзімдері көрсетілмеген. Сонда біздің мемлекет үшін оларды реттеудің, бақылаудың қажеттілігі жоқ па? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Ләззат Жаңылысқызы, шынында да бүгінгі күні өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың бақылануы Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесімен атқарылады. Сол идеология бойынша мемлекеттер бірнеше топ құрды, оның ішінде австралиялық топ химия және биологиялық қарудың тізімін бекітеді, вассенаарлық топ Вассенаар келісімшарты бойынша қару-жарақтың тармауына бақылау жасайды, тағы бір топ зымыран технологияларының таралуына шектеу қояды. Әлемнің барлық мемлекеттері осы үш бағытпен жұмыс істейді. Біздің ішкі заңдарымыз, ішкі нормаларымыз осы бағытпен, яғни Біріккен Ұлттар Ұйымының белгіленген тәртібімен жұмыс істеуде. Осы талқыланып жатқан заң жобасы қабылданса, онда біздің заңымыз толығымен осы топтардың идеологиясына сәйкес келеді және сол топтарға кіруге біздің де мүмкіндігіміз болады, өйткені біздің заңдарымыз осыған толық сәйкес келетін болады.

Екінші сұрағыңыз бойынша. Оны бақылау керек, бір жылдың ішінде шығарылған заттар қайтадан әкелінсін деген мәселені депутаттар да көтерген. Егер заң бойынша біз сіздер айтқан ондай шектеуді қоймасақ, онда бес жыл өте ме, он жыл өте ме, ол заттың қайда жүргенін бір Алла біледі. Біз ол өзгерісті толық қолдаймыз. Бірақ осы заң жобасына оның енгізілмей қалғаны үшін мен өз басым сіздерден кешірім сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлына беріледі.

БАЙАХМЕТОВ Б.К. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Жалпы, қаралып отырған заңдарды қолдаймын. Бірақ менің Қаржы министрлігіне сұрағым бар.

Пунктом 1 статьи 53 Бюджетного кодекса определяется исчерпывающий список направлений расходования республиканского бюджета. Среди направлений в действующей редакции есть такое направление, как государственный экспортный и импортный контроль, который законопроект в рамках изменения в Бюджетный кодекс предлагает заменить на «контроль в сфере специфических товаров».

В связи с этим возникает вопрос: в чем необходимость сужения понятия «государственный экспортный и импортный контроль» до понятия «контроль в сфере специфических товаров», ведь действующая редакция и так поглощает предлагаемую?

На наш взгляд, существуют риски, что в случае принятия предлагаемой законопроектом редакции из положений статьи 53 Бюджетного кодекса могут быть исключены бюджетные расходы на государственный экспортный и импортный контроль в сфере товаров, не являющихся специфическими, например, контроль за соблюдением запрета на экспорт сахара.

ТӨРАҒА. Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Ерікұлы, жауап беріңіз.

БІРЖАНОВ Е.Е. Сәлеметсіздер ме, құрметті депутаттар! Иә, жұмыс тобының отырыстарында бұл мәселе талқыланған болатын. Қазіргі таңда бұл мәселе мағынасына сәйкестендіріліп отыр. Айта кететін болсақ, ешқандай шектеулер болмайды. Себебі Кеден одағына кіретін мемлекеттермен шығындар бізде Қаржы министрлігінің тарапынан жұмсалмайды, ол Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арқылы өткізіледі, ал сыртқы елдермен қаражат біз арқылы өткізіледі. Сондықтан бұл мәселе жан-жақты талқыланды. Қандай да бір кедергілер болмайды деп ойлаймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет Қайырбек Айтбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Қожамжаров Қайрат Пернешұлына беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Қарастырылып отырған заң жобасы қолданыстағы «Экспорттық бақылау туралы» Заңның жаңа нұсқасы болып табылады.

Заң жобасының мақсаты – ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, халықаралық міндеттемелерді орындай отырып, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың халықаралық режимдеріне сәйкестендіру. Сонымен қатар қос және әскери мақсаттағы тауарлар саласында қызмет көрсетудің ұлттық жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Баяндамашы заң жобасының басты ережелеріне сипаттама беріп, оның халықаралық және әскери-саяси маңыздылығын атап өтті.

Ілеспе заң жобасының мақсаты – еліміздің заңнамасын «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Заң жобасының ережелеріне сәйкес келтіру. Заң жобасында алты кодекске және он бір заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Екі заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен оң қорытындылар алынды.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылау барысында Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттілігі туындады.

Соның бірі:

басты заң жобасы бойынша өзіндік ерекшелігі бар тауарларға кедендік бақылауды Мемлекеттік шекара периметрінде орнату;

шет мемлекеттер немесе ұйымдарына тиесілі әскери мақсаттағы тауарларды шығару мерзімін енгізу. Біздің ұсынысымыз бойынша ол мерзім бір жылға тепе-тең болып отыр;

Үкіметтің шектеуге бағытталған құзыретін нақтылау;

жауынгерлік және жедел-қызмет міндеттерін орындау мақсатында Қазақстан күш құрылымдарының қарудың бірлі-жарым даналарын кіргізу-шығаруының бақылаудан алынып тасталуы.

Құрметті әріптестер, осыған орай комитет негізгі заң жобасы бойынша салыстырма кестедегі өзгерістерді қарастырып және ілеспе заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Пернешұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобалары өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылаудың тиімді тетігін жасауға, олармен байланысты тәуекелдерді жоюға, сондай-ақ отандық экономиканы халықаралық қатынастар жүйесіне интеграциялау үшін жағдай жасауға және осыған байланысты заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Мемлекет басшысының ерекше тауарларды бақылау және оны заңмен реттеу қажеттігі жөніндегі тапсырмасына байланысты қару айналымын мұқият қадағалау елге төнетін қауіп-қатердің алдын алу үшін өзекті бола түсуде. Осы орайда Парламент депутаттарының тапсырманы орындау барысында атқарған жемісті жұмысын атап өткім келеді, әсіресе импортталатын ерекше тауарларды белгіленген мақсаттарда пайдалануды ғана емес, сонымен қатар ережелер мен талаптарды сақтау мақсатында олардың үшінші тұлғаларға берілуін бақылауға, ерекше тауарлармен сыртқы экономикалық операциялардың есебін жүргізу мерзімдеріне қатысты. Сондай-ақ тиісті субъектілерге барып жоспардан тыс тексерулер жүргізу арқылы бақылауды жүзеге асыру нысандарының ауқымы кеңейтіліп, мемлекеттік бақылауды жүргізу тәртібі бекітіледі.

Ұсынылып отырған түзетулер жаппай қырып-жою қаруын, қару-жарақ пен әскери техниканы жасау кезінде қолданылатын технологияларды, ғылыми-техникалық ақпарат пен қызметтерді ел ішіне заңсыз әкелгені үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеуді күшейтеді.

Енгізілген нормалар жоғарыда айтылған технологиялар мен ақпараттардың елімізге заңсыз әкелінуіне жол бермеуге бағытталған және осы саладағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы, алдыңғы баяндамашылар заң жобаларын қабылдаудың қажеттілігін толық жеткізді.

Құрметті әріптестер, сондықтан сіздерден осы заң жобаларын қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге алты түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па, әріптестер?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсыныстарымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды.

Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Құрметті әріптестер, енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Жаңа ғана біз 6 кодекс пен 11 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы үлкен заң жобасын мақұлдадық. Бұл заң еліміздің қорғаныс қабілеті үшін, ұлттық қауіпсіздік саласы үшін өте маңызды заң. Сондықтан оны екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі Қыдырәлі Дархан Қуандықұлына беріледі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Заң жобасы Мемлекет басшысының 2019 жыл – Жастар жылы аясында берген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Жастар – елдің болашағы. Мемлекет жастардың жан-жақты білім алуына, өмірден, қоғамнан, әділетті, қуатты Қазақстаннан өз орнын табуына мүмкіндік беріп, олардың бар күш-қуатын тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеу ісіне, жасампаздыққа бағыттауға жағдай жасауы тиіс екені белгілі. Сондықтан заң жобасы мемлекеттік жастар саясаты саласын жетілдіруге, қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыруға, жұмыспен қамтамасыз етуге, жастардың дамуына қажетті мүмкіндіктер жасауға негізделген.

Заң жобасында төмендегідей ұғымдарды заңнамалық тұрғыда бекіту ұсынылады:

- 1) жастардың даму индексі;
- 2) уақытша жұмысқа орналаспаған жастар (NEET санатындағы жастар);
- 3) жастармен жұмыс жөніндегі маман;
- 4) жастардың еңбек жасақтары.

Сондай-ақ заң жобасы шеңберінде «жастар» ұғымының жас шегін 29 жастан 35 жасқа дейін ұлғайту жөнінде түзету енгізілді. Біріншіден, бұл жастардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға әсер береді. Екіншіден, жастарға тұрғын үйді жеңілдікпен жалға беру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың құзыретін кеңейтуге негізделген түзетулер көзделген.

Айта кету керек, мемлекеттік органдардың мемлекеттік стратегиялық жоспарлау құжаттарына, оның ішінде аймақтарды дамыту бағдарламаларына жастармен жұмыс бойынша нақты индикаторлар, бағалау критерийлері және күтілетін нәтижелер енгізіледі.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының биылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауын іске асыру үшін заң жобасы шеңберінде әлеуметтік блокты шешетін төмендегідей түзетулер енгізілді:

- 1) бала күтіміне байланысты жәрдемақыны бала 1,5 жасқа жеткенше төлеу;
- 2) ең төмен базалық зейнетақы мөлшерін ең төмен күнкөріс деңгейінен 70 пайызға дейін, ал ең жоғары базалық зейнетақы мөлшерін 120 пайызға дейін жеткізу;
- 3) әйелдердің зейнетке шығу жасын 2028 жылға дейін 61 жас деп бекіту;

4) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін есептеу үшін табыс шегін 46 еселенген айлық есептік көрсеткіштен 55 еселенген айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту.

Жастарымыздың білім алуы, жұмысқа орналасуы, денсаулығы, өзін-өзі дамытуы, еліміздің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне толыққанды қатысу үшін тең мүмкіндік пен қолайлы жағдай жасау кезек күттірмейтін көкейкесті мәселе екені белгілі.

Заң жобасы сарапшылар мен қоғам белсенділері тарапынан талқыланды.

Аталған заң жобасын қабылдау жастар саясатын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

Баяндама аяқталды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министріне.

Құрметті Дархан Қуандықұлы! Елдегі урбанизация қарқынының өсуі бірқатар әлеуметтік проблемаларды тудырып отырғаны белгілі. Ауылдық жерлердегі жұмыссыздық салдарынан қоғамның ең мобильді бөлігі – жастардың басым көпшілігі ауылдан қалаға көшіп, әлеуметтік тұрғыда қорғансыз, жалақысы төмен жұмыстарды істеуге мәжбүр болып отыр. Егер біз оларды лайықты біліммен, жұмыспен қамтамасыз ете алмасақ, біз жастардың арасында алкогольизм, нашақорлық, ұрлық және басқа да келеңсіз көріністердің өсуі сияқты мәселелерге келетін боламыз.

Бәрімізге белгілі, нарықтық қатынастар жағдайында экономикадағы негізгі жұмыс көзі жекеменшік саласына тиесілі. Сондықтан да жеке әлеуметтік топтар мен жастардың және де жалпы қоғамның өмір сүру сапасына әсер ететін мейрімділік, адамгершілік, жанашырлық және де тағы басқалар сияқты заңнамаларда тікелей реттелмейтін ерікті ережелерді сақтау үшін мемлекеттік жастар саясатын бизнес-субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілігімен ұштастыру өте маңызды деп санаймын.

Осыған байланысты келесі сұрақтар туындап отыр.

Бірінші. Аталған мәселелер бойынша министрлік тарапынан қандай да бір сараптама жасалды ма? Заң жобасында олар ескерілді ме?

Екінші. Осы мәселелерді оңтайлы шешу мақсатында қандай іс-шаралар нақты механизмдермен дайындалды? Соның негізгі бағыттарын атап өтсеңіз. Рақмет.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Сұрақтарыңызға рақмет, Әбдәлі Тоқбергенұлы. Бұл өте өзекті мәселе.

Біріншіден, жалпы сараптамаға келсек, бізде Жастар ғылыми-зерттеу орталығы бар. Сол жыл сайын арнайы зерттеулер жүргізеді және ел Президентіне арнайы ұлттық

баяндама енгізеді. Осы жерде жастарымыздың барлық проблемалары социологиялық тұрғыда жан-жақты зерттеледі. Біз бұған байланысты проблемаларды зерттеп отырмыз.

Екіншіден, бұған қатысты осы заң жобасы қабылданатын болса, арнайы жастар индексі енгізіледі. Бұл біздің халықаралық индекстің де жоғарылауына мүмкіндік береді деп ойлаймын. Былтырғы жылғы индекс бойынша Қазақстан 160 мемлекеттің ішінде 54-ші орында болды. Бұған дейін бізде бағалаудың индексі болған жоқ. Енді бұл заң жобасы соған жақсы әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Үшіншіден, нақты тетіктерге байланысты айтсақ, жалпы бұл бірнеше салаға қатысты сұрақ, соның ішінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне қатысты. Бірақ біздің саламызға қатысты жинақтап айтсам, біз жұмыссыз жастарға байланысты біршама жобаларды қолға алдық. Қазір министрлікте «Zhas Progest» деген жақсы жоба бар, алты аймақта жүзеге асып жатыр: 250 пилоттық жоба Маңғыстауда, Ақмолада, Қарағандыда, Талдықорғанда, Түркістанда. Бұл енді кеңейтілетін болады.

Біз жақында ғана Маңғыстау мен Қарағандыда болып келдік, әсіресе ауылдық жастарға гранттар өзінің жақсы әсерін тигізіп жатыр.

Бізде азаматтық бастамаларды қолдау орталықтарының жобаларын қазір әсіресе жұмыссыз жастарға, ауыл жастарына бағыттап жатырмыз.

Сонымен қатар елімізде жалпы 227 жастар ресурстық орталығы бар. Онда 3 мыңға жуық жас жұмыс істейді. Жыл сайын оған 400 мыңнан астам жас арнайы келіп, жалпы жұмыспен қамту мәселелері бойынша да, жұмыс орны бойынша да, практика мәселелері бойынша да (қазір олардың мерзімдері ұзартылды) консультация алады.

Жастарымызға арнайы гранттар беру мәселесі де қарастырылып жатыр. Мәселен, «Тәуелсіздік ұрпақтары» арнайы гранты бар (3 миллионнан беріледі), сол сияқты дарынды жастарды қолдауға арналған «Дарын» сыйлығы бар.

Жана сіз айтқан әртүрлі жат қылықтардан арылу үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын да біздің Ақпарат және коммуникациялар министрлігі қолға алған. Оның ішінде сериалдар бар. Қазір біз сериалға байланысты арнайы қоғамдық кеңес құрдық. Президент айтқан еңбек адамын тәрбиелеу, жат әдеттерден арылу, жақсы қасиеттерге баулу жөнінде бізде арнайы бағдарлама қабылданып отыр. Осыған байланысты біз телеарналарда, баспасөзде бұл мәселені жіті қадағалайтын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арғынбекова Айнұр Серікпайқызына беріледі.

АРҒЫНБЕКОВА А.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

В проекте закона нашли свое отражение вопросы доступности молодежи к качественному образованию и медицинскому обслуживанию, расширения возможностей с помощью достойной работы, улучшения досуга и саморазвития молодежи, а также полноценного участия в социально-экономической и общественно-политической жизни страны.



Считаю, что особенно в центре внимания должны быть малообеспеченная молодежь, молодые специалисты, которые сегодня работают в сельской местности, моногородах и малых городах.

В этой связи у меня два вопроса к Дархану Куандыкулы.

Первый вопрос касается обеспечения этой категории молодежи доступным, льготным арендным жильем. В проекте закона сказано, что данная компетенция отдается местным исполнительным органам.

Каким образом министерство будет отслеживать реализацию данной нормы проекта закона? Как можно будет оценить эффективность управленческих решений на региональном уровне в этом направлении?

Следующий вопрос связан с исполнением поручения Главы государства, данного им на республиканском совещании по развитию моногородов, проведенном 4 ноября 2021 года, в котором было озвучено о проработке механизма по реализации мер социальной поддержки молодежи для решения проблем дефицита кадров в сфере образования и здравоохранения в моно- и малых городах, в том числе инициативы «С дипломом – в моногород!» (аналогично проекту «С дипломом – в село!»).

Как реализуется в настоящее время данное поручение? Достигнуты ли какие-то результаты? Рақмет.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Біріншіден, баспаналармен қамту мәселелері қазіргі кезеңде жүріп жатыр. Мысалы, осы уақытқа дейін 7 мыңнан астам жасқа арнайы пәтер берілді. 2025 жылға дейін бұлардың санын 15 мыңға дейін арттыру көзделіп отыр және бұларға байланысты тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша қосымша бағдарламалар әзірленіп отыр. Бұған қатысты Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және өңірлерде де арнайы бағдарламалар іске асты. Ол бойынша әр саланың жастары қазір осындай тұрғын үймен қамтамасыз етіліп отыр. Ол біздің бақылауымызда.

Екіншіден, моноқалаларға байланысты бағдарламалар да өзінің нәтижесін беріп келеді. Біз жақында бұл бойынша зерттеуімізді жариялаймыз, ал «Дипломмен ауылға» бағдарламасы өзінің нәтижесін бергені белгілі. Нақты нәтижесін мен сізге жазбаша жолдайын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы. Онда қойылған сұраққа жазбаша жауап бересіз.

Құрметті әріптестер, сұрақ қою үшін келесі сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым министр Дархан Куандықұлына.

Өздеріңіз білетіндей, бүгінде жастардың 40 пайыздан астамы ауылдық жерлерде тұрады. Оның көпшілігі жұмыссыз жастар. Сондықтан мемлекеттік жастар саясатын іске асыру бірінші кезекте ауылда жүзеге асырылуы тиіс.

Бүгінгі таңда ауыл әкімдері қоғамдық жұмыстарда, жастар практикасы және әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру, микрокредит беруге жәрдемдесу, мәдени демалыс жұмыстарын қолдау және тағы басқалары арқылы күн сайын дерлік жастармен

жұмыс атқаратыны белгілі. Алайда заң жобасында аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтың жергілікті атқарушы органдарының жастар саясаты саласында іс-шаралар өткізу жөніндегі құзыреттері көзделмеген. Бұл қалай?

Тағы бір мәселе, жастардың жасын 29 жастан 35 жасқа дейін арттыру әлеуметтік топ өкілдерінің санын 1,5 есеге ұлғайтады. Мұндай жағдайда мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда жастар ресурстық орталықтарына үлкен жауапкершілік берілетін болады. Сонымен қатар бүгінгі таңда осы орталықтарды қаржыландыру кезінде біркелкі емес және нақты жүйеліліктің болмауы түсініксіз жағдай. Мәселен, 2020 жылы жастар орталықтарының қызметін қамтамасыз етуге бөлінген бюджет қаражаты көлемінің айырмашылығы өңірлер бөлінісінде шамамен 15 есеге жуықтады: бір өңірде 60 миллион болса, келесі өңірде 891 миллион теңгеге дейінгі аралықта. Бұл жастардың санын ескере отырып бірыңғай қаржыландыру стандарттары қажет екенін көрсетеді. Осыған байланысты жауап беруіңізді сұраймын.

Заң жобасын іс жүзінде іске асыру барысында министрлік осы мәселелерді шешу үшін қандай шаралар ұсынады? Рақмет.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Сұрағыңызға рақмет. Шын мәнінде ауыл жастары үлкен мәселе екендігі белгілі. Әсіресе жұмыссыз жастарды тіркеу мәселесінде де көптеген проблема болды, ауылда бірнеше малы болса жұмыссыз емес деп есептеп келгені белгілі. Ал қазіргі заң жобасында осылардың барлығы нақты көрсетілген, NEET жастардың категориясы айқындалды. Ол бойынша жалпы үйде отырған жастар да, мүгедектігі бар, жұмысқа жарамсыз жастар да, сонымен қатар әртүрлі жат істерге тәуелділігі бар жастар және де жұмыссыз жастар мен оқудан шығып қалған жастардың барлығының категориясы айқындалады. Осылар өңірлерді, аймақтарды дамыту бағдарламаларына енгізіледі. Оларға тікелей өңірлердегі әкімдер жауапты болады. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына бұл мәселелер енгізілетін болады, сондықтан индекске, әсіресе ауылдағы жастарға мән берілейін деп отыр. Сонымен бірге 35 жасқа шығару арқылы жалпы еліміздегі жастардың саны 6 миллионға дейін көтерілейін деп отыр. Бұл еліміздің халқының жартысы деп айтуға болады. Бұлардың барлығының қаржылық мәселелері Үкіметте келісілген, себебі бұл заң жобасы көп пысықталды. Бұған депутаттар да, сарапшылар да, барлық үкіметтік құрылымдар қатысты. Сондықтан бұл жерде қаржы мәселесі туындамайды.

Жастар орталықтарына байланысты сұрағыңыз орынды. Осы екі айдың көлемінде сегіз аймақты аралап шықтым, сонда негізінен жастар орталықтарына баруға тырыстым. Біздің елімізде 227 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Ол жердегі жастардың белсенділігін көрдік. Қазір азаматтық бастамалар орталығы болсын, «Zhas ProJect» платформасы болсын біз негізі ауыл жастарына бағыттап жатырмыз: ауыл жастарын оқыту, жобаларды қалай алу керектігі жөнінде. Олардың көбісі бұл жобалардың бар екенін білмейді. Сондықтан біздегі азаматтық бастамалар орталығы қазір Қазақстандағы барлық аудандарды аралап, құжат қалай толтырылады, жобаны қалай жеңіп алуға болады, осы мәселе бойынша жұмыстарды бастап кетті. Ары қарай жұмыстарды белсенді жүргіземіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет, Дархан Қуандықұлы. Орныңызға отырыңыз. Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауын іске асыру негізінде әзірленген.

Заң жобасының негізгі мақсаты мемлекеттік жастар саясаты, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнаманы жетілдіру.

Осы заң жобасы арқылы 1 кодекске және 13 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделіп отыр.

Өздеріңіз білетіндей, мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында заң жобасында мынадай нормалар көзделген:

«жастар» ұғымының жас шеңбері 29 жастан 35 жасқа дейін ұлғайтылуда;

«жастарға арналған әлеуметтік қызметтер» ұғымы нақтылануда;

тұжырымдамалық аппарат «жастар еңбек жасақтары», «жастармен жұмыс жөніндегі маман», «жұмыс істейтін жастар», «Қазақстан Республикасындағы жастарды дамыту индексі» және «уақытша орналастырылмаған жастар» деген жаңа ұғымдармен толықтырылады;

мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары нақтыланып, толықтырылады;

тиісті уәкілетті, еңбек жөніндегі және мәдениет саласындағы уәкілетті органдардың құзыреттері кеңейтіледі;

этносаралық қатынастар саласындағы уәкілетті органның функциялары нақтыланады;

облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреттеріне қосымша функциялар енгізіледі;

«жастарды дамыту индексі» және «уақытша тұрақсыз жастар» атты жаңа баптар енгізіледі;

жастар ресурстық орталықтарының жұмыстары маңызды, ол нақтыланып, әлеуеті көтеріледі, енді соның тиімді болғанын қалаймыз.

Заң жобасын тұтастай қабылдау жастар саясаты саласындағы қоғамдық қатынастарды кешенді реттеудің тиімді құқықтық негізін қалыптастыруға, сонымен қатар бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Жалпы өз ойым, жүзеге асыруға қатысты бұл мәселеге алдағы уақытта арнайы оралсақ та болады деп ойлаймын.

Корытындылай келгенде заң жобасы Әлеуметтік-мәдени және ғылым комитетінің жұмыс тобы отырыстарында қаралып, барлық нормалары кеңінен зерделенді. Сенаттың тұрақты комитеттерінде және Сенат Аппаратында талқыланды.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті қаралып отырған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұртөре Байтілесұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Рақмет.

Уважаемый Маулен Сагатханулы! Уважаемые депутаты! На прошедших последних пленарных заседаниях я обращал внимание на неудовлетворительное качество рассматриваемых законопроектов. Этот вопрос стал также предметом моего депутатского запроса.

Рассматриваемый сегодня законопроект не стал исключением в отношении качества его подготовки. Однако сегодня я вынужден затронуть вопросы исполнения норм закона государственными органами.

Хотел остановиться на двух важных, концептуальных проблемах.

Первое. Недавно в Послании Главы государства было обращено внимание на проведение эффективной миграционной политики. Президент указал, что сейчас важно привлекать в страну высококвалифицированные кадры, ценных профессионалов, причем в востребованные и быстроразвивающиеся сферы экономики страны, такие как здравоохранение, промышленность, ИТ. При этом законодательное регулирование должно создавать условия или, как сказал Президент, «послабления» для таких ценных кадров.

В развитие этого поручения разработчики законопроекта предлагают норму по освобождению от подтверждения своей платежеспособности при получении разрешения на постоянное проживание в Республике Казахстан «иностранцев, обладающих востребованными профессиями, перечень которых утверждается уполномоченным органом по вопросам миграции населения».

Получается, разработчики законопроекта упростили критерии, указанные Главой государства, и вместо высококвалифицированных кадров в передовые отрасли экономики нам предлагают привлекать просто востребованные профессии, то есть, по сути, не хватающих нам работников, перечень которых утвердит государственный орган.

Мы все прекрасно понимаем, что в связи с событиями в соседних странах много желающих попасть в Казахстан, тем более получить такой статус, как вид на постоянное место жительства. Такой статус труднодостижим в большинстве стран, во многих случаях только в обмен за серьезные инвестиции. Например, в Португалии порог инвестиций для получения ПМЖ составляет 45 миллионов евро, в Кипре – 300 тысяч евро, а у нас, получается, просто надо попасть в список профессий министерства.

Без сомнения, у нас имеется дефицит по многим востребованным профессиям. По «Электронной бирже труда», по информации Министерства труда и социальной защиты населения, в тройку самых востребованных профессий в 2022 году вошли водители, мастера строительных работ и упаковщики-фасовщики. Я ничего не имею против привлечения не хватающих нам специалистов, но в порядке, уже установленном в законе, на временной основе.

Также хотел бы обратить внимание, что разработчики предлагаемого механизма привлечения высококлассных специалистов свели только к одному предложению – к мерам по освобождению от подтверждения своей платежеспособности. При этом они

даже не предоставили освобождения от подтверждения платежеспособности членов семей таких высококлассных специалистов.

Поэтому я убежден, что поручение Президента не выполнено. Такими мерами мы ценных работников в республику не завлечем. Наоборот, можем создать лазейку для предоставления постоянного места жительства неквалифицированной, криминогенной миграции.

Разработчики обещают устранить эти противоречия и нестыковки в последующих законопроектах. А что мешает это сделать сейчас? В любом случае депутаты должны взять исполнение этой нормы на особый контроль, чтобы через некоторое время к нам не заехали тысячи так называемых востребованных «упаковщиков-фасовщиков», и мы вынуждены будем принимать экстренные меры.

Второй вопрос не менее важный, касающийся социальной помощи уязвимым слоям. Эти нормы в тексте законопроекта о молодежи сразу не разглядишь неискушенным взглядом. Эти предложения внесли депутаты. Правительство не захотело брать на себя ответственность, хотя очевидно, что эта поправка затрагивает положение многих граждан и входила в план мероприятий Правительства.

Основной вопрос: как ранее было реализовано исполнение закона, предусматривающего положение о «гарантированном социальном пакете»? Оно предусматривало предоставление детям из малообеспеченных семей наборов продуктов и предметов первой необходимости с бесплатной школьной формой, горячим питанием и льготным проездом. Эта норма была принята по поручению Главы государства в декабре 2019 года на втором заседании Национального совета по общественному доверию. Правительство тогда убеждало нас в необходимости принятия такого социального пакета. Сейчас оно убеждает в обратном – в монетизации.

Почему этот гарантированный социальный пакет не сработал эффективно, и почему он должен быть сегодня заменен на 1,5 МРП?

Сегодня вносятся кардинальные изменения, вместе с тем с законопроектом не представлены расчеты и прогнозы возможных последствий таких решений. Полагаю, депутатам важно взять на контроль исполнение вносимых изменений в вопросах адресной социальной помощи. Нам важно понять, как отразятся они на правах и благополучии порядка 200 тысяч детей из малообеспеченных семей.

С учетом вышеуказанного считаю, что законопроект должен быть концептуально доработан. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызына беріледі.

ҚАПБАРОВА А.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасы мемлекеттік жастар саясаты, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы бүгінгі күні қалыптасып отырған бірқатар мәселелерді оңтайлы шешуге бағытталған.

Жаңа әріптесім айтып өткендей, заң жобасында халықаралық тәжірибеге сәйкес жастардың жас шектік мөлшерін ұлғайтуды, мемлекеттік жастар саясатын жүргізуде уәкілетті органдардың жауапкершілігін едәуір күшейтуді, NEET санатындағы жастармен

жұмысты жандандыруды көздейтін нормалар және бірқатар жаңа түсініктер енгізіліп отыр.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында азаматтарды әлеуметтік қолдау мақсатында 2028 жылға дейін әйелдер үшін зейнеткерлікке шығу жасын 61 жас деңгейінде белгілеу, жаңа туған балалары бар отбасыларды әлеуметтік қолдау шараларын жетілдіру және ананың баланың қасында болу кезеңін ұзарту мақсатында бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1,5 жасқа дейін ұлғайту, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға ұсынылатын кепілдендірілген әлеуметтік пакетті монетизациялау сынды бірқатар маңызды қадамдар енгізіліп отыр.

Бұл жаңашылдықтардың барлығы мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы заманауи сын-қатерлерді еңсеруге және Мемлекет басшысының халықтың әл-ауқатын жақсарту жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға оң ықпал етеді.

Осыған байланысты мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімнен қолдау сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Сенат отырысының күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын екінші оқылымда қарауды енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум ба. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Қожамжаров Қайрат Пернешұлына беріледі.

ҚОЖАМЖАРОВ Қ.П. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Бүгін айтылғандай, заң жобасы «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Заң жобасының ережелерін іске асыру мақсатында әзірленген.

Заң жобасында жаппай жою қаруын, қару-жарақ пен әскери техниканы жеткізу құралдарын жасау ниетінде өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың контрабандасы үшін қылмыстық жауапкершілік бекіту, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің нормаларын өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласына қолданбау және тағы басқа ұсыныстар қаралды. Нәтижесінде ұлттық заңнама халықаралық стандарттарға сәйкестендіріліп, арнайы режимдердің мүшелігіне жол ашады.

Құрметті әріптестер, заң жобасын екінші оқылымда қарау барысында «112» бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметін құруға байланысты түзетулер енгізу қажеттігі туындады. Бұл мәселе бойынша Үкіметтен тиісті хат келіп түсті. Осыған орай комитет аталған заң жобасы бойынша салыстырма кестедегі түзетулерді қабылдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайрат Пернешұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша салыстырма кестені қараймыз.

Кестеге екі түзету енгізілген. Бас комитет бұл түзетулерді қабылдауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобасы бойынша салыстырма кестеге енгізілген түзетулерді бас комитеттің ұсынысымен тұтастай дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Түзетулер қабылданды.

Енді Мәжіліс мақұлдаған қалған баптарды дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Мәжіліс мақұлдаған қалған баптар қабылданды.

Енді Сенат енгізген түзетулерді Мәжіліске жіберу туралы қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасына Сенат енгізген түзетулер Мәжіліске жіберіледі.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСП Н.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Заң жобасының негізгі мақсаты қолданыстағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға және мемлекеттік жастар саясатын жүргізуге уәкілетті органдардың жауапкершілігін кеңейтуге бағытталған.

Заң жобасын тұтастай қабылдау жастардың, зейнеткерлердің, жаңа туған балалары бар отбасылардың, қоныс аударушылардың, жұмыссыздардың, жұмысынан, не асыраушысынан айырылған азаматтардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің және халықтың басқа да әлеуметтік осал топтарының әл-ауқатын арттыруға, осы және басқа маңызы бар мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұртөре Байтілесұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен



толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер, бұл заң жастарды кешенді қолдау және осы бағыттағы мемлекет саясатын одан әрі жетілдіру мақсатымен қабылданып отыр.

Осы заң арқылы Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында берген жекелеген тапсырмаларын іске асыру көзделген.

Құжатта уақытша бос жүрген жастарды қолдау және жастар ресурстық орталықтарының қызметін кеңейту мәселелері де қамтылған.

Сонымен қатар заңда бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер кезеңін 1,5 жасқа дейін ұлғайтуға және 1-6 жас аралығындағы әр балаға атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға қатысты нормалар бар.

Алдағы уақытта осы заң жастар саясаты бойынша қажетті шаралар кешенін жүзеге асыруға және бірқатар әлеуметтік мәселені оң шешуге мүмкіндік береді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сауалым Үкімет басшысына жолданады.

«Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлікті соңғы рет 2014 жылы жауып тастаған едік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша бұл министрлікті қайта аштық.

Қазір табиғи және техногендік сипаттағы апаттар жыл сайын артып келеді. Су тасқыны, қар көшкіні, сел мен жаңбыр, дала мен ормандағы өрттер көбейді.

Жақында ғана Екібастұзда үлкен авария болды. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет мүшелері қаланың жылу орталығында болған авария салдарын бақылау үшін қайта-қайта шапқылап жатыр.

Сізге сұрақтарым бар.

Бірінші. Неге тек қана барлық жерде Президент тапсырма беруі керек?

Екінші. Елдегі барлық жылу-электр орталықтарының жағдайы қандай? Бұл мәселені зерттеп, анықтауға сіздің өзіңіз тапсырма бердіңіз бе?

Үшінші. Төтенше жағдайдағы басты ұран «Алдын алу, құтқару және көмек» болуы тиіс. Көп жағдайда біз тек қана құтқару мен көмек беру ісімен айналысып келеміз. Адамдардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатердің алдын алу Төтенше жағдайлар министрлігі органдарының тікелей міндеті екені ұмытылып қалады. Неліктен бұлай?

Төртінші. Еліміздің информациялық кеңістігі объектілерімен, геоинформациялық жүйемен, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып бірлесе жұмыс істеу жағдайы не күйде?

Бесінші. Төтенше жағдай туралы халықты хабарландыру және осы бағытта ұйымдастыру барысында, сондай-ақ төтенше жағдай ошақтарын оқшаулау, жою бағытында жасалып жатқан әрекеттер бар ма?

Алтыншы. Өте қауіпті объектілерде, қауіп-қатері көп жерлерде, жұртшылық жиналған орындарда табиғи, техногендік және террористік сипаттағы әрекеттерге қарсы жеке құрамды және азаматтарды оқытып, үйрету жағдайы қалай? Нақты не істеліп жатыр?

Осы орайда азаматтық қорғаныс мәселесі де өте өзекті. Қазір дабыл қағылған кезде жұрт сиренаға селт етпейді. Дабыл белгісі қағылған кезде қауіпсіз жерге жиналу туралы ойланып та жатпайды. Ескі тұрғын үйлердің бәрінде радио нүктелері бар, олардың бәрі қазір ешкімге керек емес, жұмыс істемейді. Ал енді бомбадан жасырынатын орындар не күйде? Оны тексерген адамдар бар ма? Алматыдағы сондай паналау орындарын қайта қалыпқа келтіру жөнінде не істеліп жатыр? Астанада бірде-бір бой тасалайтын жерасты мекені жоқ деуге де болады. Уақытша әскери палаткалар шығару қолымыздан келмей ме? Противогаз шығаратын бір мекеме бар ма? Азық-түлік, дәрі-дәрмек қорын арнайы осындай мақсатта жасақтаумен кім айналысады? Жылытқыш, керогаз, зембіл (носилка), резеңке қайықтары, қалта фонарымен қамтамасыз ету мәселесі ше? Жедел хабарлама беру үшін тұрғын үйлердің ватсап чаттарын неге пайдаланбасқа?

Тағы бір назар аударатын мәселе бар, бұл киіз үйге қатысты. Кезінде Үштөбеде киіз үй шығаратын фабрика болды, ол кейін жабылды. Бұл күнде киіз үйді тек қандастардың ауылынан ғана табасыз. Жүруге, көшіп-қонуға, тұруға ыңғайлы уақытша баспана ретінде осы заманғы технологияларды пайдалана отырып Қазақстанда жылжымалы киіз үй құрастыруды неге қолға алмасқа? Осындай жағдайда пайдалануға болар еді ғой. Қазір жеңіл темір немесе пластик материалдарынан мұндай үй құрастыру қиын емес. Осындай көшпелі баспананы апатты жағдайларда және басқа да қоғамдық-бұқаралық шараларда тұрақты пайдалануға болар еді.

Осы айтылғандарды ескере келе мынандай нәрселерді жасау қажет қой деп есептеймін:

1. Бірінші кезекте Төтенше жағдайлар министрлігі мен орталықтағы және жергілікті өңірлердегі төтенше жағдай ұйымдарынан және өрт, су, техногендік қауіпсіздік мекемелерінен апаттың алдын алу жөнінде нақты не істеп жатқандығын сұрау қажет.

2. Республикалық және жергілікті өңірлерде аса қауіпті объектілер мен адамдар көп шоғарланатын объектілерде кешенді қауіпсіздік жүйесін енгізу керек.

3. Бірыңғай геоинформациялық жүйеге мониторинг жасау арқылы барлық жерде интеграцияланған қауіпсіздік жүйесін енгізу қажет. Ақпараттандыру мәселесі, тиімді кризистік орталықтарды құру, апат туралы халықты дер кезінде алдын ала құлақтандыру өте маңызды.

4. Оңтүстік өңірлерде жер сілкіну қаупі жоғары. Халықты су тасқыны мен зілзалаға, басқа да төтен апаттар жағдайында қалай аман қалуға үйретуді үнемі назарда ұстаған жөн деп есептеймін.

5. Атқарушы билік пен Төтенше жағдайлар министрлігі қызметін бағалауда міндетті түрде халықты және сол аумақтарды қорғау ісінде алдын алу шараларын қалай жасап жатқаны ескерілсе деймін.

Депутаттық сауалға заңда белгіленген тәртіппен жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен Н. Жүсіп». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайылов Әлихан Асханұлына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Әлемдік аренада еліміздің қауіпсіздігі, әлеуметтік-экономикалық өсуі және бәсекеге қабілеттілігі жаңа цифрландыру мәселесіне байланысты. Біздің өміріміздің барлық салаларына цифрлық технологиялар тездеп енуде.

Мемлекеттік қызметтер, жеке сервистегі ІТ-шешімдер, жасанды интеллект, виртуалды және толыққанды жиынтықтар, цифрлық активтер мен блокчейн технологиялары біздің болашағымызды айқындайтын болады.

Цифрландыру түптеп келгенде азаматтардың өмір сүру сапасын арттырады және тең құқықтар береді.

Республикамызда Ақпараттық коммуникациялық технологиялар, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламалары орындалды. Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс ұлттық жобасы іске асырылуда.

Осы жылдар арасында көптеген жұмыстар атқарылып, Қазақстан халықаралық индекстер мен рейтингтерде мобильді және тіркелген интернет құны, интернет жылдамдығы, қолжетімділік, файлдарды жүктеу көрсеткіштері бойынша көшбасшы орындарға ие болды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық және әлеуметтік департаментінің шолуы бойынша Қазақстан 193 мемлекеттің арасында «электронды үкімет» рейтингісінде 24, онлайн қызмет субрейтингісінде 8, капитал субрейтингісінде 28 орынды иеленді. Алайда цифрлы саланың жылдам дамуына байланысты тез арада ауқымды іс-шаралар қабылдасақ басқа мемлекеттерден көш ілгері қалып қаламыз. Атап айтсақ, Мемлекет басшысы Қытай мемлекетіне барған іс-сапарында облыстарда ұлттық бейнебақылау құрылымына Таир-3 аналогында деректер өңдеу орталықтарын ашу туралы тапсырмасы әлі күнге дейін толық орындалмады.

Бүгінгі күні жеке тұлғалардың бейнебаяндары, жарияланымдары мұхиттың арғы жағындағы Youtube каналдарында сақталады. Сол себептен біздің балалар шет мемлекеттің ойынын ойнайды, анимациясын көреді. Мемлекетіміздің кез келген мәселелері Facebook, Instagram, V Kontakte, Telegram каналдарында талқыланады. Тіпті біздің мемлекеттік оғандар мен құқық қорғау саласы mail, gmail шет елдік мессенджерлер мен пошта сервистерін пайдаланады.

Білім және ғылым, денсаулық, әлеуметтік, экономика салаларында кешенді қашықтықтан оқыту LMS, ERP платформалары толыққанды жұмыс жасамайды. Онлайн-бизнес саласына ұсынылған байланыс каналдарының бағасы қымбат. Жоғары деңгейде платформада жұмыс істеу үшін жергілікті атқарушы органдардың техникалық базалары

ескірген, бүгінгі күн талабына сай емес. Ал ақпараттық коммуникациялық информға келетін болсақ, Data орталықтар мен серверлер халықаралық стандарттарға сәйкес емес немесе мүлде жоқ. Телекоммуникация инфрақұрылымының индексі бойынша Қазақстан үш позицияға төмендеп, 64-ші орынға түссе, кибер қауіпсіздіктің жаһандық индексі бойынша 40-шы орында.

Соңғы екі жылда елімізде интернет пайдаланушылар 7 пайызға, мобильді интернеттің абоненттер саны 14 пайызға өссе, кең жолақты интернет инфрақұрылымы бар болғаны 0,87 пайызға өскен. Осының салдарынан қала, аудан орталықтарында, ауылдарда кең жолақты интернет сапасы өте төмен. Елімізде 100 адамның 15-і тұрақты интернетке тіркелсе, ауылдық жерлерде желімен 100 адамның тек 8-і ғана қамтамасыз етілген. Тіпті Астана қаласында интернеттің дұрыс істемеуіне байланысты электронды БАҚ құралдарының жарияланымдары 1 минутқа дейін кешіктіріліп беріледі.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, төмендегі іс-шараларды атқаруларыңызды сұраймыз:

1. Елімізде цифрландыру саласында мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы туралы, оның ішінде әсіресе ауылдық жерлерде тұрғындарды қолжетімді интернетпен қамтамасыз ету бойынша толық ақпарат ұсынуыңызды;

2. Интернет желілеріне, қызмет көрсететейн компаниялардың жұмысына аналитикалық сараптама жүргізіп, реттеуші тарапынан интернет сапасы бойынша талаптарды қатаңдату және айыппұл мөлшерін ұлғайту жөнінде қолданыстағы заңнамаларға ұсыныс енгізулеріңізді;

3. Қуатты деректер орталықтары (ДӨО), трансшекаралық талшықты-оптикалық магистральдар, ірі цифрлық хабтар салу, жоғары дәрежелі IT-кадрларды даярлау бойынша іс-шаралар қабылдауларыңызды;

4) онлайн-бизнес өкілдеріне байланыс каналдарының қолжетімділігін қамтамасыз етуіңізді;

5) жергілікті атқарушы органдардың қажетті коммуникациялық, техникалық жабдықталуын қолға алуыңызды сұраймыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы! «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толыққанды жазбаша жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ғ. Сарыбаев, С. Дүйсембинов, Ә. Нұралиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының жоспарына сәйкес депутаттық корпусының өңірлерде халықпен кездесулері өтіп, олардың көкейінде жүрген мәселелер тұрақты түрде көтеріледі. Соның бірі Түркістан облысы, Кентау қаласының экологиялық ахуалы.

Кентау қаласы тұрғындары тарапынан Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарымен кездесу барысында 2016 жылдан бері Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің аумағын Арал экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ ретінде айқындауға ұсыныстар енгізіліп келген.

Бұл мәселені Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары 2017 жылы көтерген болатын. Соның нәтижесінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарының тапсырмасына сәйкес Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендер аумағын экологиялық дағдарыс аймағы ретінде айқындайтын комиссия құрылып, өз жұмысын бастаған болатын.

Ұсыныстарды салалық орталық органдарда қарау нәтижесінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі тарапынан «Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекендердің қоршаған ортасының жай-күйі мен тұрғындардың денсаулығын кешенді бағалау» зерттеу бағдарламасы әзірленді.

2019 – 2020 жылдары Түркістан облысының бюджетінен жалпы 639,4 миллион теңге бөлініп, зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оның сараптамасын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне және қоғамдық экологиялық сарапшыларға ұсынылған.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі тарапынан оң қорытынды берілген, ал Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан қорытынды беру мақсатында медицина университеттері мен өзге де сарапшыларға зерттеу нәтижесін сараптамадан өткізуге жолданған. Сарапшылардың алтауы оң қорытынды берсе, «Астана медицина университеті» мен «Қарағанды медицина университеті» ескертулермен сараптама қорытындысын жолдаған.

Кешенді зерттеу жұмыстарын орындаушы «ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС аталған ескертулерді толық жойып, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне бағдарламаны қайта жолдады. Өз кезегінде Кентау қаласы әкімдігі тарапынан Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне тиісті хаттар жолданғанымен, бүгінгі таңға нақты қорытынды жауап алынбаған.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қорытындысын алғаннан кейін бағдарламаны сараптау мақсатында әрі қарай Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қарауына ұсынылады.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 14 сәуірдегі мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту туралы Жарлығына сәйкес жүктелген міндеттерді жылдам жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді өздерінің функцияларын заңнамалық деңгейде нақтылап жатпай-ақ қабылдауға құқық беріледі және бюрократиялық тетіктерді азайту нақты көрсетілген. Алайда жоғарыда көрсетілген экологиялық ахуалдың мысалында көріп отырғандай, құзырлы мемлекеттік органның оның уақытылы шешілуіне мүдделілігін көріп тұрған жоқпыз.

Құрметті Әлихан Асханұлы, осы орайда Кентау қаласы мен оған іргелес елді мекен тұрғындарының көп жылдан бері көтеріп келе жатқан мәселесінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере отырып, оның шешілуіне ықпал етуіңізді сұраймыз.

Құрметпен Ә. Бектаев, Ә. Құртаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Толамисов Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ТОЛАМИСОВ А.Ғ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Мен депутаттық сауалымды Үкімет басшысына жолдаймын.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазіргі кезде елімізде азаматтардың денсаулығын сақтаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету Президент бастамасымен жүргізіліп жатқан әлеуметтік саясаттың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сондықтан да өткен аптада Сенат қабырғасында Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбына арналған үкімет сағаты өтті.

Аталған үкімет сағаты шеңберінде денсаулық сақтау жүйесінде шешуді талап ететін көптеген өзекті мәселелер талқыланды. Осындай мәселелердің қатарында менің депутаттық сауалыма арқау болған ауылдық жерлердегі медициналық көмек көрсету мәселесі де бар. Себебі Мемлекет басшысы өзінің алғашқы жарлығы – ауылды дамытуға байланысты бағдарлама даярлау туралы Жарлыққа қол қойды және де «бірінші байлық – денсаулық» демекші ауылды дамыту үшін бұл өте өзекті мәселе болып саналады.

Ресми деректерге сәйкес бүгінде ауылда 7,8 миллион адам тұрады, бұл ел халқының 41 пайызын құрайды. Еліміздің ауылдық жерлерінде 5 мыңнан астам медициналық ұйым бар, оның ішінде 2 мыңнан астам медициналық пункт, 800 фельдшерлік-акушерлік пункт, 1 мыңнан астам дәрігерлік амбулатория, 200-ден астам емхана және 203 аурухана медициналық көмек көрсетеді екен.

Өкінішке қарай, бірқатар себептерге байланысты ауылдық жерлерде денсаулық сақтау мәселелерін жедел шешуді қажет ететін бірқатар мәселелер қордаланып қалыпты. Оған біз өңірлерді аралап, сайлаушылармен кездескен кезде куә болдық. Атап айтқанда, елімізде медициналық ұйымдарды жеткіліксіз қаржыландыру және емдеу-профилактикалық ұйымдарындағы кредиторлық берешектің өсуі бойынша күрделі жағдай қалыптасып отыр. Белгілі болғандай, жыл сайынғы бюджетті бекіту кезінде Үкімет 2021 жылғы нақты тапшылық пен нақты шығындар бойынша есептеулер жүргізген, айқын тапшылықтар байқалады.

Өкінішке қарай, Денсаулық сақтау министрлігі де, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры да осы уақытқа дейін бұл қаражаттың ұлғаюына қол жеткізген жоқ. Соның салдарынан ағымдағы жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша денсаулық сақтау ұйымын қаржыландыруда күрделі жағдай қалыптасты. Еліміздегі тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге бағаның өсуіне қарамастан медициналық қызметтерге тарифтер көтерілмейді.

Осылайша келесі бағыттар бойынша қаражаттың өткір тапшылығы байқалады:

медицина қызметкерлерінің жалақысын жыл сайын көтеру туралы Үкімет қаулысын жүзеге асыруға;

тауарлардың негізгі түрлерін (азық-түлік, тұрмыстық тауарлар, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар) сатып алуға;

коммуналдық қызметтерді төлеуге.

Сонымен қатар бастапқыда міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсетуге бөлінген қаражат көлемі 2022 жылы медициналық ұйымдар мәлімдегеннің 70-77 пайызын ғана құрады.

Қазіргі жағдайда денсаулық сақтау ұйымдары еңбекақы төлеу бойынша салықты уақытылы төлеуде, дәрі-дәрмек пен азық-түлік сатып алуда, коммуналдық қызметтерді төлеуде қиындықтарға тап болуда.

Бұл саладағы тағы бір өзекті мәселе – аудандық медицина ұйымдарының теңгеріміндегі автокөліктердің 80 пайызы моральдық және техникалық жағынан ескірген.

Ауылдық жердегі көрсетілетін медициналық қызметтің төмендігі мен мамандардың тапшылығынан ауыл халқы жаппай ағайын-туыс жағалап, қалаға келіп емделуге мәжбүр болып жүр. Осы орайда амбулаториялардың, акушерлік пункттер бойынша, жедел жәрдем көліктері бойынша, жалпы алғашқы медициналық көмек көрсету жүйесін жақсарту бойынша Үкімет жедел шаралар қабылдау керек деп есептеймін.

Бұл ретте ауылдық жерлерде медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін: медициналық қызметтерге тарифтерді қайта қарау және арттыру, өйткені тарифтердің инфляциясы медициналық ұйымдардың тұрақсыз қаржылық жағдайына, кредиторлық берешектің өсуіне әкеледі;

медициналық қызметкерлердің бөлінуін талдау керек;

интернатура мен резидентурада оқу бағдарламаларын қайта қарау;

медицина қызметкерлерінің жалақысын өсіру;

өте тапшы мамандықтағы дәрігерлерге, ауылдық денсаулық сақтау мекемелерінде жұмыс істейтін дәрігерлерге, еңбек жағдайлары зиянды дәрігерлерге, жас мамандарға қосымша ақы төлеуді қамтамасыз ету;

бітірушілердің өндірістік тәжірибені аяқтағаннан кейін бірден белгілі бір мамандықтар бойынша кәсіптік қызметпен айналысу құқығын алуына жағдай жасау қажет деп есептеймін.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы мәселені зерделеп, оны шешуге ықпал етуіңізді сұраймын.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 27-бабына сәйкес сізден жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша толық жазбаша жауап беруді сұраймын.

Құрметпен депутат А. Толамисов».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову.

«Уважаемый Алихан Асханович! Железнодорожный транспорт является важнейшей и приоритетной отраслью в сфере пассажирских и грузовых перевозок в Республике Казахстан.

В 2021 году объем пассажирских перевозок составил по водному транспорту 145 тысяч человек, воздушному – 9,4 миллиона человек, а по железнодорожному – 11,6 миллиона человек.

Объем грузоперевозок по железной дороге также имеет более высокие показатели, чем по другим видам транспорта. Однако в этой отрасли есть ряд нерешенных проблем.

Организация, ранее функционировавшая как «государство в государстве» со своими образовательными учреждениями, детскими садами, реабилитационными центрами и другими учреждениями, превратилась в компанию, у которой нет ничего, кроме подвижного состава и магистрали. При этом «Қазақстан темір жолы» остается услугодателем, не соответствующим международным стандартам, отсутствуют скорость и комфорт.

Одной из самых актуальных проблем является необходимость обновления парка вагонов. По информации Министерства индустрии и инфраструктурного развития, на сегодняшний день парк подвижного состава АО «Пассажирские перевозки» составляет 2228 единиц, из них 776 вагонов, или 35 процентов от общего количества пассажирских вагонов, старше 28 лет. Средний износ пассажирских вагонов без учета вагонов «Тальго» составляет 63 процента, грузовых – 57 процентов, а локомотивов – 67 процентов.

По состоянию на 1 ноября текущего года существует потребность 936 локомотивов, 300 пассажирских и 1500 грузовых вагонов.

Кроме того, приватизированные поезда не выдерживают критики по безопасности и качеству. К примеру, поезд, курсирующий по маршруту «Актобе – Бейнеу», несмотря на низкий уровень технического состояния и санитарии, продолжает заниматься пассажирскими перевозками.

В поезде по маршруту «Алматы – Уральск» в одном вагоне совмещены ресторан и спальные купе, что приводит к постоянному нарушению общественного порядка. Его соответствие санитарным нормам требует специальной проверки.

Следующая проблема – дефицит проездных билетов и увеличение их стоимости. Еще в 2019 году Глава государства Токаев дал поручение Правительству прекратить практику создания искусственного дефицита билетов на поездах в летний период, что создает неудобства гражданам и препятствует развитию внутреннего туризма в Казахстане. Тем не менее спустя три года этот вопрос все еще остается актуальным.

Третья проблема – высокая стоимость внутренних грузовых перевозок, которая способствует увеличению себестоимости товаров. Согласно официальной информации Министерства индустрии и инфраструктурного развития в собственности АО «Қазақстан темір жолы» имеется всего 170 погрузо-разгрузочных тупиков. Количество тупиков, находящихся в частной собственности, превышает 3600.

Стоит отметить, что отсутствие контроля за тарифами приватизированных тупиков и их спекулятивные действия приводят к значительному удорожанию цен на услуги.

Следующая проблема – железнодорожные вокзалы, на строительство которых были выделены огромные финансовые средства, но некоторые из них до сих пор не введены в эксплуатацию.

С 2012 года в Казахстане было начато строительство 100 вокзалов. В частности, в Шалкарском районе Актюбинской области построено три вокзала и только один из них



введен в эксплуатацию. В свою очередь, Министерство индустрии и инфраструктурного развития настаивает на том, что в стране 300 вокзалов, и все они работают. Уполномоченным органам необходимо провести соответствующую проверку, в том числе на предмет целевого расходования бюджетных средств.

Нехватка багажных отделений – еще один вопрос, также требующий внимания. В собственности АО «Қазақстан темір жолы» находится всего 16 багажных отделений. Если учесть, что в Казахстане 16 тысяч километров железных дорог, то будет понятно, что всего одно грузовое отделение приходится на 1000 километров. Это очень маленький показатель.

Еще один вопрос, который необходимо отметить, – это платный звонок по мобильному телефону в службу поддержки АО «Қазақстан темір жолы». Качество такой платной услуги также не выдерживает критики, так как, чтобы дозвониться оператору call-центра, требуются длительное время и стальные нервы. А все это – показатель отсутствия клиентоориентированности компании.

Учитывая социально-экономическую значимость и транзитный потенциал железнодорожных перевозок, АО «Қазақстан темір жолы» нуждается в кардинальных реформах. Считаем целесообразным начать решение этих вопросов прежде всего с назначения на руководящие должности профессионалов в данной сфере, а также в корне изменить политику подготовки и повышения квалификации кадров.

Принимая во внимание негативные обстоятельства, которые произошли в стране из-за приватизации государственных активов, необходимо вернуть в собственность АО «Қазақстан темір жолы» приватизированные тупики, парк локомотивов и багажные отделения.

Мы уверены, что решение вышеуказанных вопросов придаст импульс развитию железнодорожной отрасли.

Уважаемый Алихан Асханович, в соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим предоставить ответ на депутатский запрос в предусмотренные законодательством сроки.

С уважением, депутаты Каниев, Адильбеков, Лукпанов, Алдашев, Мамытбеков, Куртаев, Рысбекова, Шайдаров». Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

## МАЗМҰНЫ

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

#### СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 8 желтоқсан

##### Күн тәртібі бойынша

О повестке дня ..... 1

##### **Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын қызметтен босату туралы**

Об освобождении от должности Председателя Верховного Суда Республики Казахстан

##### **Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасын сайлау туралы**

Об избрании Председателя Верховного Суда Республики Казахстан

##### **Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы**

##### **М.Ә. НҰРТІЛЕУДІҢ баяндамасы**

Доклад Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан

НҰРТІЛЕУ М.А. .... 1

##### **Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

ВОЛКОВ В.В. .... 2

МЕРҒАЛИЕВ А.А. – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы,  
Председатель Верховного Суда Республики Казахстан ..... 4

##### **Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Н. Төреғалиевтің өкілеттігін тоқтату туралы**

О прекращении полномочий депутата Сената Парламента Республики Казахстан Турегалиева Н.

##### **Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі**

##### **А.А. СМАҒҰЛОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан

СМАҒҰЛОВА А.А. .... 4

##### **Сөз сөйлеген:**

Выступил:

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. .... 5

##### **Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасын сайлау туралы**

Об избрании председателя Комитета по социально-культурному развитию и науке Сената Парламента Республики Казахстан

**Сөз сөйлеген:**

Выступила:

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. .... 6

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде**

О проекте Закона Республики Казахстан «О контроле специфических товаров», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам контроля специфических товаров», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қ.А. ӨСКЕНБАЕВТЫҢ баяндамасы**

Доклад Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан УСКЕНБАЕВА К.А. .... 7

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. .... 9

БАЙАХМЕТОВ Б.К. .... 10

БІРЖАНОВ Е.Е. – Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі, Вице-министр финансов Республики Казахстан ..... 11

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Қ.П. ҚОЖАМЖАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности КОЖАМЖАРОВА К.П. .... 11

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. .... 12

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. .... 13

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной

молодежной политики и социального обеспечения», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

**Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі  
Д.Қ. ҚЫДЫРӘЛІНІҢ баяндамасы**

Доклад Министра информации и общественного развития Республики  
Казахстан ҚЫДЫРАЛИ Д.Қ. .... 14

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. .... 15

АРҒЫНБЕКОВА А.С. .... 16

ШАЙДАРОВ С.Ж. .... 17

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Н.Б. ЖҮСІПТІҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ЖУСИПА Н.Б. .... 19

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

САФИНОВ Қ.Б. .... 20

ҚАПБАРОВА А.Ж. .... 21

ЖҮСІП Н.Б. .... 22

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам контроля специфических товаров» (второе чтение)

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі Қ.П. ҚОЖАМЖАРОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности КОЖАМЖАРОВА К.П. .... 23

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)**

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной молодежной политики и социального обеспечения» (второе чтение)

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі  
Н.Б. ЖҮСІПТІҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
ЖУСИПА Н.Б. .... 24

**Депутат Н.Б. ЖҮСПІТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖУСИПА Н.Б. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 25

**Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Ғ.Т. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 27

**Депутат Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ҚҰРТАЕВА А.С. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 28

**Депутат А.Ғ. ТОЛАМИСОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ТОЛАМИСОВА А.Ғ. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 30

**Депутат Б.Н. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-  
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ҚҰРТАЕВА Б.Н. к Премьер-Министру  
Республики Казахстан Смаилову А.А. .... 31

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық  
қамтамасыз ету басқармасының  
инженерлік орталығы»  
РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің  
басшысы

Г. Молдашева